



БҰЙРЫҚ № 18
«11» қаңтар 2025 ж.
Қазалы қаласы

ПРИКАЗ №
«___» _____ 20__ г.
г. Казалинск

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»
жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру мақсатында

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылында колледжде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса колледждің ішкі тәртібі бекітілсін:
 - 2.1 Орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау колледж директорына жүктелсін;
 - 2.2 Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Ә.Тілеубайұлына:
 - Ата-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз ету;
 - Орталық аясында өтетін сабақтардың кестесін жасап, бекіту.
 - Орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін.
 - 2.2 Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Б.Нұрмановқа:
 - Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен колледжге бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін;
 - 2.3 Колледж кітапханашысы А. Сансызбайға: педагогтер мен топ кураторларына ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін.
3. Орталық қызметін колледжішілік бақылауға алу, колледжішілік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу колледж директорының оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары Ш.Баекееваға жүктелсін.
4. Орталық жұмысы аясында «Даналық мектебі» клубының жұмысы ұйымдастырылсын.
5. Педагогтерге ата-аналарға арналған сабақ бағдарламасының вариативті компонентінің әзірлемесін құрастыруға әдістемелік қолдау көрсету колледж әдіскері Ә.Тілеубайұлына жүктелсін.
6. Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру топ кураторларына, Орталықтың жұмыс тобына жүктелсін.
7. Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, колледж сайтында жариялансын, Орталық қызметіне колледждің өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен колледждің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Қосымша1 парақ:

Орталық қызметін қамтамасыз ететін жұмыс тобының құрамы



Колледж директоры

А.Мусаев